

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті шығыстану факультеті қытайтану кафедрасының PhD докторанты Мадиев Данияр Әріпбайұлының «6D020900-Шығыстану» (тарих мамандығы) мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «ҚХР-дың солтүстік-батыс шекара аймағын дамыту саясаты (1949-2015)» атты диссертациялық жұмысына Отандық ғылыми кеңесші Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры Н.Мұқаметханұлының

ШІКІРІ

Қытай Халық Республикасының (ҚХР) солтүстік-батыс шекарасы Қазақстан Республикасы территориясының шығыс шетімен шектеседі. Сондықтан ҚХР-дың елімізбен шекаралас аймағына қолданған әрқандай бір саясаты Қазақстанға тікелей ықпал жасайтыны сөзсіз. Диссертациялық жұмыс тақырыбының ҚХР-дың солтүстік-батыс шекара аймағын дамыту саясатын зерттеуге арналғанын қытайтанудағы маңызды да өзекті мәселелерді көтерген деп санаймыз.

ҚХР-дың батысына орналасқан Шыңжаң Ұйғыр автономиялы ауданы (ШҰАА) – Қытайдағы әлеуметтік-экономикалық дамуы артта қалған провинциялардың бірі болып саналады. Қытай Компартиясы (ҚКП) билікке келгеннен кейін, әсіресе реформа және ашықтық саясатын қолданғаннан бері Шыңжаңды дамыту саясатын пәрменді жүгізіп келеді. Сонымен қатар шекара аймағы аудандарын дамытуға да зор көңіл бөліп келеді. Бұл ҚКП-ның шекара аймағы саясатындағы үлкен өзгеріс. Өйткені бұрын қытай билігі шекара аймағының қауіпсіздігі мен орнықтылығын бірінші орынға қойып келген болса, енді онымен қосы шекара аймағының әлеуметтік экономикасы мен инфрақұрылымдарын дамыту саясатын да қауырт жүргізуге ойысты. Алайда ҚКП-ның шекара аймағын дамыту саясатын қазірге дейін отандық ғалымдар, тіпті шетелдік қытайтанушылар да арнайы жүйелі зерттей қойған жоқ. Аталмыш диссертациялық жұмыстың осы бір аса күрделі де өзекті тақырыпты көтергені көңіл қуантады.

Данияр Әріпбайұлының таңдап алған тақырыбы қытайтану категориясындағы аймақтану саласына жатады. Сондықтан диссертант жұмыстың бірінші тарауында ҚХР-дың шекара аймағын дамыту саясатын зерттеудің теориясы мен методологиясын пайымдап, тақырыпқа қатысты қытай және басқа тілдерде жарияланған деректер мен тарихнамаларға шолу жасап, Қытай шекара аймағын игерудің саяси-экономикалық аспектілерін анықтаған.

Автор қытай тілін жетік меңгерген маман ретінде зерттеу тақырыбына қатысты қытай тіліндегі материалдарды мол пайдаланған. Докторанттың диссертациялық жұмысына арқау болып отырған ҚКП, ҚХР мен Шыңжаң үкіметінің Батыс бөлікті қауырт игеру, әсіресе Шыңжаңды қауырт игеру, шекара аймағын дамыту жөнінде қабылдаған заң-ережелері, саясаттық

шешімдері мен стратегиялық жоспарлар құжаттарының деректік пайдалану құндылығы жоғары болып табылады.

Зерттеуші жұмыстың «Шекара аймағын игерудің эволюциясы» деп аталатын екінші тарауында, ҚХР-дың 1949-1991 жылдардағы шекара аймағындағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді, қытайдың тарихи кезеңдері бойынша ҚКП-ның шекара аймағында қолданған саясаты негізінде қарастырып түйіндеген ғылыми-теориялық тұжырымдары басқа ғалымдардың айтқан ғылыми пікірлерімен дәйектелген.

Диссертациялық жұмыстың үшінші тарауы «Шыңжанның солтүстік-батыс шекара аймағының геосаяси, геоэкономикалық орны» деп аталған. Мұнда диссертант ҚХР-дың әлеуметтік экономикасының қарқынды дамуы және халықаралық қатынастардағы орны мен рөлінің нығая түсуіне байланыстырып, Шыңжан аймағының, әсіресе Қазақстанмен ұласатын Іле Қазақ автономиялы облысы аумағындағы шекара аудандарының геоэкономикалық маңызының артуын, оның халықаралық қатынастарда, сауда-экономикалық байланыстары мен халықтық барыс-келістері және туристік ынтымақтастықтың дамуына байланысты, шекара аймағы инфрақұрылымының жақсаруына, сол негізде екі ел байланыстарының дамуын нақтылы мысал деректер арқылы жан-жақты талдаулар жасайды.

Диссертацияның «Қазақстан мен Қытай шекара аймағындағы еркін экономикалық аймақтар» деп аталған төртінші тарауында, ізденуші әлемде еркін экономикалық аймақтардың пайда болуы үдерісі мен дамуына шолу жасай отырып, Қытайдың еркін экономикалық аймақтар құруы және оны дамыту саясатының тәжірибелерін пайымдап, Шыңжаңда құрылған еркін экономикалық аймақтарды атап көрсетіп, Қытайдың Қорғас өңірінде еркін экономикалық аймақ құру барысын қарастырады. ҚХР-дың Қорғас еркін экономикалық аймақ құруының негізгі концепциясы, онда қолданылатын жеңілдік саясаттары, аймақтағы инфрақұрылымдар мен олардың атқаратын қызметтері, Қорғас өткізу пунктінің статусы, халықаралық сауда-экономикалық байланыстардағы атқарып отырған рөлі сияқты маңызды мәселелерге жан-жақты талдаулар жасап, ғылыми ой тұжырымдар түйіндейді.

Бұл тарауда Қазақстан шекара аймағындағы еркін экономикалық аймақтар құрылысына тоқталып, Қорғас еркін экономикалық аймағының даму үдерісін қарастырады. Қазақстан мен Қытай арасындағы Қорғас шекара өткелінің екі жағында тұтастырып салынған еркін экономикалық аймақтың қазіргі таңдағы Қазақстан мен Қытай арасында сауда-экономикалық байланыстарында аса маңызды рөл атқарып калмастан, Қытай мен Орталық Азия, Қытай мен Батыс Азия және Еуропа арасында сауда-экономикалық қатынастардың дамуына, тіпті логистикалық көлік тасымал қатынастарының дамуына Еркін экономикалық аймақтардың екі ел қатынасындағы орны мен халықаралық қатынастардағы рөліне ғылыми баға берілген.

Диссертациялық зерттеу жұмысының нәтижесінде Қытайдың шекара аймағын, әсіресе Қазақстанмен шектесетін шекара аудандарының әлеуметтік

экономикалық және инфрақұрылым құрылыстарын дамыту саясатының нәтижелі болғанын, сондай-ақ оның екі ел қатынастарының дамуына, Қазақстанның халықаралық транзиттік әлеуетінің артуына белсенді ықпал жасады деген ой-пікір түйінделген.

Жалпы, ізденуші таңдап алған тақырыбын кең көлемде ашып көрсетіп, зерттеуден тың ғылыми қорытындылар мен тұжырымдар түйіндеген. Яғни өзінің алдына қойған мақсаты мен міндеттерін ойдағыдай орындаған деп санаймын.

Д. Мадиевтің зерттеу тақырыбы бүгінгі таңда қытайтану саласындағы өзекті мәселені зерттегенімен ерекшеленеді. Сондай-ақ, диссертациялық жұмыстың ғылыми теориялық және практикалық қолданыс құндылығының ерекшелігімен сипатталады. Жұмыс талапқа сай жазылған, толық орындалған.

Сондықтан Мадиев Данияр Әріпбайұлының «6D020900-Шығыстану» (тарих мамандығы) мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «ҚХР-дың солтүстік-батыс шекара аймағын дамыту саясаты (1949-2015)» атты диссертациялық жұмысын ашық қорғауға ұсынамын.

Отандық ғылыми кеңесші:

**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры,
тарих ғылымдарының докторы**

 **Н. Мұқаметханұлы**

05 қыркүйек 2020 жыл

